

К.А. Төлеубаева¹, И.С. Насипов²¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;²М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті
Филологиялық білім беру және мәдениаралық коммуникация институты, Уфа, Башқұртстан
(E-mail: k.toleubaeva@mail.ru)**Көркем шығармадағы Тәттімбет бейнесі**

Мақала Таласбек Әсемқұловтың «Тәттімбет сері» романы және Тәкен Әлімқұловтың «Сарыжайлау» әңгімесін негізге ала отырып жазылған. Ғылыми мақалада көркем шығармалардағы Тәттімбет бейнесі жайлы айтылады. Ең алдымен, Тәттімбет әлеуметтік әділетсіздік, қоғамдық текетірес, ұлы жұттың қазақ даласына келуі, адамдар арасындағы тартыс шындығын арқау етеді. Есесі кеткен ел, көпекөрнеу қиянаттан қанаты қайырылған өнерпаз тағдырын күй сарыны, күй мақамы айна қатесіз жеткізеді. Әлеуметтік әділетсіздік, қиянат жайлаған қоғамдық орта, заман қиындығы, барлығы күй астарында жатқандығы екі қаламгердің шығармаларында терең тебіреніспен суреттеледі. Тәттімбеттің келер ұрпаққа аманаттаған асыл, ардақты сәлеміндей сезілетін бір күйдің тарихы, оның туу тарихымен негізделеді. Тәттімбет романда тек күйші ғана емес, екі елді мәмілеге келістіруші ретінде де бейнеленеді. Әр ғасырда әртүрлі тағдыр кешіп, бірақ ұлтына өшпес, өлмес туындыларын қалдырған тарихи тұлғаларымыз жайлы ой толғайтын қаламгерлер, әсіресе өнерпаздарымыздың кесек тұлғасын көркем бейнелеуде үлкен табыстарға қолжеткізді. Т.Әсемқұлов пен Т.Әлімқұловтың Тәттімбеттей дәулеткер күйшінің тұтас тағдырын, өнерпаздық дарынын төгілтіп, тартымды жеткізген шығармалары қымбат дүние негізінде түйінделеді.

Кілт сөздер: Тәттімбет, күй, күйші, өнер, қаламгер, домбыра, роман, әңгіме, ел, қоғам, ұлт, тарих.

Өткен ғасырдың 60–80-жылдарындағы қазақ прозасына зер салып қарасақ, өнер адамының тұлғасы, оның ішінде әсіресе ақындар, күйшілер тағдырын арқау еткен көркем шығармалар едәуір баршылық. Осы дүниелердің көркемдік деңгейі, тақырыпты қамту тереңдігі, тілі мен жазылу стилі әркелкі бола тұра, барлығына ортақ бір сипат басым түсіп жатады. Ол – осынау туындылардың жақсы ма, жаман ба, әйтеуір түптеп келгенде қазақ өнеріне, қазақ мәдениетіне бір адамдай еңбегі сіңген, жалпы қазақ руханиятының ұлы тарихында үлкенді, кішілі өз орындарын айқындай алған, әр ғасырда әртүрлі тағдыр кешіп, сонысымен ел жадында қалған қайталанбас тұлғалардың туған әдебиетімізден орын алуы, төл әдебиетімізде бейнеленуі дер едік.

Міне, әдебиетімізде бейнеленген осынау тұлғалардың арасында, қазақ поэзиясының ұлт азаттығын ту етіп көтерген көптеген өнер тарландары әр соқпақта әртүрлі көрініп отырады. Бұл тақырыпта ат басын тірмей кеткен жазушыларымыз жоқтың қасы. Мысалы, М.Әуезов, Т.Әлімқұлов, Т.Әсемқұлов, Ә.Әлімжанов, Ә.Кекілбаев, І.Жақанов, С.Бақбергенов шығармаларында тарихи тұлғалар әркелкі деңгейде көрінеді. Ә.Кекілбаев пен І.Жақановта тарихи тұлғалар, Т.Әлімқұлов шығармаларындағыдай, ортақ кейіпкерлер деңгейіне көтерілсе, ал Ә.Әлімжановта өнер адамы тұтас шығарманың бас кейіпкері ретінде көрінеді.

Бұл қаламгерлеріміздің шығармаларындағы желісі үзілмей көзге түсіп отыратын ерекшелік — тарихи деректерді, тарих көздерін шығарма арқауына молынан кіргізгендігі.

Өнер тақырыбындағы жарық көрген прозалық шығармалардың барлығына ортақ, барлығына тән көркемдік, сапалық сипатты қазақ жазушыларының әрқайсысының қаламгерлік қолтаңбасынан анық аңғарамыз. Бірінде ілгері, бірінде кейін көрініс берген көркемдік табыстар тұтаса келіп, осы соңғы жылдар аралығындағы жалпы қазақ әдебиетінің алған асуын, шыққан биігін, даму деңгейін танытты. Осы тұста әдеби процестің, шығармашылық өмірдің негізгі көркемдік арналарын таратып айтар болсақ, соны бағалап, бағамдасақ, жекелеген қаламгерлер үлесі, олардың шығармашылық тағдыры алдыңғы қатарға шығары анық.

«1849 жылы қаңтар айының басы, он күн қысқы шілде еді. Ойпаң жерде жатқан киіз қар сәл дегдіп сіреуге айналған, төбелердің басы еріп жаңалаштанып қалған. Сары аяздың алдындағы, қақтың суын ішіп мал көркейген, адам қуанған азғантай мереке күндер болатын. Осы күндері Нұрбике – Шаншар болысын басқарып отырған Тәттімбет, аға сұлтан Құнанбайдың шақыртуымен Қарқаралы қаласына аттанған», — деп басталады Таласбек Әсемқұловтың «Тәттімбет сері» атты романы [1; 35]. Себебі еш жерде жазылмаған Тәттімбет Қазанғапұлы жайлы жазып, күйлердің шығу

тарихын баян етумен қатар, түп-төркініне жеткізе білген. Романның өзі тұңған тарихи оқиғаларға толы десек те болады.

Роман аға сұлтан Құнанбайдың Қозыке және Жаңбырбай есімді екі шабарманның Тәттімбетті Қарқаралы қаласына шақыртуымен басталады. Оқиға аға сұлтан Тәттімбетті кеңседе емес, өзінің қысы-жазы тігулі тұратын он екі қанат ақ ордасында қабылдауымен одан әрі өрбиді. Құнанбайдың Тәттімбетті шақыруындағы негізгі мәселесі, Кенесары ханға кісі жіберу, елшілікке ханменен екі арада жаулығы жоқ бейбіт рудың бір адамы бару керек және басқа емес, Құнанбай үшін сенімдісі Тәттімбеттің аттануы еді. Кенесарының қанжығасында баласының басы кетеме деп, Қазанғап пен Қалайының омыртқасы үзіліп, тәңірден бір үміт күтеді. Кенесарыдай ақ киізге салып көтерген қазақтың ханның алдынан екіншісі бірі аман шықпаған. Алайда Тәттімбеттің Кенесары ханның алдынан аман шығуының себебі қандай? «Басқа елдің адамы құсап маған елші болып келгенің үшін басыңды алуға болар еді. Бірақ аталарың менің Абылай атамның ақ туының астында тұрып еді ғой, соған қалтқысыз қызмет етіп еді ғой деп қана жазадан қолымды тарттым, Қаракесек», — дейді Кенесары. Жұмбақ шешіспей, Тәттімбет Қапалда орыстың әскері қыстап жатқанын, Ақмешіт жақтан тағы да орыстың ауыр қолы шығайын деп отырғанын баян етеді. Кенесары ханның «Жауабымды жазда естисіңдер» деген бір ғана сөзінен соң елге аттанады» [1; 38]. Қыс аяқталып, көктем өтіп жаз келгенде Ақтабан шұбырындының елесі ояңған осы үрейлі күндердің бірінде, Алаш үшін отқа түсіп, айға басқан арыстандары Кенесарының мерт болуы қазақ үшін ауыр соққы еді. Орыс, ерлігімен емес, өнерімен жеңіп отырғанын, ондай өнерді Құдайдың біздің қолға бермегенін, кемшіліктің қоғамда болып жатқандығы жайлы, бәрінен де туған ел үшін өлудің өзі арман екендігін Қазанғап Құнанбайға айтып қайғыға батқан.

Өнер — биік қасірет болса, оған жету ауыр бейнет. Тәттімбет алғаш домбыраға қалай қол созады? Шешесінің кенже інісі Әли тәуір домбырашы болған. Әкесі Қазанғапқа осы баланың өнерлі болатынын айтып, әкесінің рұқсатымен кішкентай жиені Тәттімбетті ертіп, Қарқаралының қалың жыныс орманына келеді. Жорамалы қарағайға түсіп, ең шешен ағаштың осы екендігін, күй домбырадан емес, күйшінің саусағынан емес, ең әуелі осылайша жерден өсіп шығатынын көрсетеді. Бір аптадан кейін Үсен шебер күмбірлеп тұрған кішкентай домбыраны алтыдан жаңа асқан Тәттімбеттің қолына ұстатады. Тәттімбет сол домбырмен бірнеше күйді шертіп үйренеді. Он жасқа жетіп алғаш молланың алдын көрген ауыл арасындағы домбырашының дәрежесіне жеткен. Соқыр Мақу күйші бидің үйінде қонақтап отырып, Тәттімбеттің домбыра шалысын естіп, Қазанғапқа осы балаңды мен ертеің деп, домбырашылардың барлығына бозбала Тәттімбетті таныс қылған. Кейін атын аңыздан естіген Қызылмойын Қуандықтың шәкірті болады, Қуандықтың тәрбиесінде болып, сол үйде туып-өскендей сезіне бастайды. Түн келеді. Күйшінің жұпыны үйі нұрға толғанда, күй шертетін. Сондай күйлердің бірінің шығу тарихымен таныстырып, адами құндылықтарды да зерделеп отырған.

«Баяғыда Мүйізді Ескендір деген жиһангер болған. Күндердің күнінде дәмі таусылып ажалдың жастығына бас қойған шағында жанына уәзірлерін жинап, әлемді уысында ұстап, жер бетінде алмаған жер, бітірмеген даудың қалмағанын айтып, кеңес құрыпты. Өлерінде, жанының кеудесінен ұшып шығарында оң қолын аспанға көтеретінін, сол көтерілген күйде қалатынын айтады. «Қолымды мен неге көтердім, алақаным неге ашық, артымда қалған жұрт осы жұмбақты шешсін. Кімде-кім сол жұмбақты шешсе — сол адам, еркек болсын, әйел болсын, ата-тегіне қарамай, патша сайлап менің алтын тағыма отырғызыңдар», — деп өмірден өтеді. Күндердің күнінде, сегіз ұлдың ортасында өскен Шақыр Арай есімді кедейдің бір қызы болыпты. Кешкісін әкесі бір күлшені әкеліп, барлығы бөлісіп жеп отырғанда, базардың дәл ортасында оң қолы көтерулі, Ескендір Зұлқайнарұлының арбада жатқанын, жанында алтын мен тауһарға малынып киінген қырық уәзірінің бар екенін, әлі ешкім шешпеген жұмбақты айтады. Келесі күні қыз базарға барып, жауабын айтады: Ескендір падиша, мен әлемді жауладым, көз көрім, аттың тұяғы жететін жердің барлығын алдым, талай патшаның алтын тәжі басымен бірге домалап аяғымның астында қалды, бірақ осынша байлық, қазынадан о дүниеге ештеңе де алып кете алмадым, бұ дүниеге жалаңаш келдім, жалаңаш кетіп бара жатырмын деп тұр депті. Сол кезде неше жылдан бері қақайып тұрған қол сылқ етіп түсіпті, ашық қалған алақан шырты етіп жабылыпты. Осыдан кейін Шақыр Арай таққа отырыпты. Алтын сарайдың ішінде баяғы тақыр кедей кезіндегі мүліктері сақтаулы тұрған бір бөлме болады. Сол бөлмеге Шақыр Арай күнде кіріп шығады. Уәзірлері сұрапты, оның сыры неде деп? Сонда Шақыр Арай айтыпты, мен бөлмеге кірсем, бұрынғы жоқшылық кезімді еске түсірем, дүниеде кіріптарлық пен жоқшылықта жүрген қаншама адам бар, ей, Шалқар Арай, аспа, таспа, дәреженді артық қылса — Алла қылды, кімнен артық едің

деп тәубама келем деп. Міне, сол кездің күйшілері шерткен «Қос мүйізді Ескендір» деген күй» [1; 48, 49]. Ойланып қарар болсақ, романның ішінде бірнеше күйлердің шығу төркіні баян етіледі. Бұл күйлердің тандалып алынғаны бекер емес. Әрқайсысының берер тәрбиесі, оқырманға ой тастар жолы үлкен. Аталған тағылымға толы күйлердің бірнешеуіне тоқталар болсам, «Қотанның зары», кейде «Кештім» деп шертілетін күй. Бұл жерде Қобыланды батыр мен Арғынның Ақжол атты батыры керіске шығып, екішісі қапияда мерт болады. Керей мен Жәнібек хан бір түнде көшіп кетеді. Бар қазақ сенің бүлігіңнен кейін кетті дейді қаһарына мінген хандар. Қобыланды батыр көп ойланып, бүкіл алаштың көзінше Ақжол батырдың әкесі Қоданның алдына келіп, қынабынан қылышын суырып, алдына өзім келдім, балаңның кегін ал, басымды шап дейді. Сонда Қодан қылышты тастап, қолына домбыра алыпты да осы күйді шертті [1; 51]. Сонымен қатар Байжігіттің «Қосайдар» күйі, Саймақ батырдың «Сары өзен» күйінің де шығу тарихы баяндалады [1; 52, 53]. Бірінде Қосайдар бидің екі жаққа да шығарған шешімінің әділеттілігі баяндалса, екіншісінде күзде қоңыр қаздар шығысқа қарай бет түзегенде қондыгердің батырлары қол бұлғап тұрып, жыр жырлайды екен. Міне, Саймақтың күйі осы Сары өзенге деген сағыныштан туған екен.

Кешке әдеттегідей жиналып отырған үшеуі Қуандықты қаумалаған. Қуандық бірнеше күйді шертеді, сәлден соң жаңа бір күйді шертеді. Аздан соң Тәттімбет өзінің күйін тыңдаған болып шығады. Тәттімбетке күйінің тамаша екендігін, бірақ бір ғана кемшілігі – қайғысы көп екенін айтады. Бұл күй «Қосбасар» еді. Тәттімбеттің шығарған алғашқы күйі [1; 61]. Одан соң кіші сұлтанның өтінішімен «Жантелім» деген кезекті шығарған күйін шертіп, отырған адамдарды таңдай қақтырады [2; 85]. Кейінірек Қанқожа қобызшының өтініші бойынша, дәл осы «Жантелімді» шертіп берген. Алайда «Жантелім» деген жақсы екен. Менің бойымдағы барлық шерім тарқады. Шешілмеген түйін қалмады. Қарағым, бұл күйіңнің аты «Көкейкесті» болсын деп аталып кеткен екен [2; 94]. Бұл күйді сазгер өмірінің соңғы жылдарында шығарған. Мұнда халық шежіресінің ұлылығы мен ұлағатты ақыл-ойдың парасаты толғанады. Домбыра орындаушылық шеберлігінде кездесе бермейтін екі қолға бірдей вибрациялық діріл толқынын түсіру арқылы және саусақтардың қарымен жоғары қарай орап қағу «Көкейкестінің» өте күрделі туынды екендігін көрсетеді. Күйдегі орындаушылықтың жаңа пошымы, яғни шерту тәсілдерінің сан қырлы өрнегі, — Тәттімбеттің күйшілік мектебін даралай түседі.

Күй шерткен, қыз ұзатқаннан да қиын [2; 110]. Естуші мен тыңдаушының құлағының құрышын қандырып, сол үшін үлкен еңбек жасап, домбыраның пернелеріне тиген әрбір саусақтардың кимылы, орындаушының ішкі сезімін жеткізері хақ. Сондай шертілген күйлердің бірі — «Шыңырау». Шыңырау құстың ұясына өрлеп бара жатқан жыланды, жол жүріп келе жатып, шаршап, бір теректің түбінде ұйықтаған жас жігіт, балапандардың шикылдаған дауыстарын естіп, атып тұрып, қолындағы қылышымен жыланды ортасынан қақ бөліп, кішкентай ғана табиғат иесінен алғыс алып, артынша үлкен мал мен қазынаға кенеледі [2; 111]. Адам баласы шын, таза ниетпен көмек көрсетер болса, алдынан жақсылықтың шығары анық. Бір іс-әрекеттің, бір сөздің өзі адамның өмірін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

Тәттімбет романда тек күйші ғана емес, екі елді мәмілеге келістіруші ретінде де бейнеленеді. Бұл романда ол ғашық та болады, жақсы көреді. Майқының қызы — Күлшім. Жеңелері кейін Ақсұңқар атандырып жіберген. Десе дегендей екен. Екеуінің бір-біріне деген ыстық сезімдері суреттеледі. Алайда бір кедергі бар. Ол кедергі — алпысты алқымдаған бір сасық бай. Атасымен жасты адамға атастырылған Ақсұңқардың күйі, Тәттімбеттен осы күйден «құтқарады-ау» деп үміт күтуі. Тәттімбет барлығын әкесіне айтып шешпекші болады, дегенмен, барлығы олар ойлағандай болып шықпайды. Қазанғап Ақбөпе екеуінің атастырылғандарын, осы уақытқа дейін айтылған сөзде, құдандалы елмен екі арадағы сыйластықта не мән қалатынын түсіндіреді. Ақсұңқармен соңғы кездесуде тәкаппар басының қалай иілгенін көріп отырып, іші қан жылайды. Талай уақыт өткен соң, Тәттімбет Сыбан, Орыс–Медет арасындағы дауды шешіп болған соң, бесінші күні жолға шығарында бір бүкшиген әйелді көреді және сол сәтте өнебойы солқ ете қалады. Ол кезінде өзі ғашық болған — Ақсұңқары еді. Осыдан соң жоғарыда айтып өткен «Жантелімнің» әуені, сол бір Ақсұңқарды еске түсірердей, жүрегіне сыйып тұрған барлық бейбақ ғашықтардың қасіретінен қалқып шыққан күйі еді.

«Тәттімбет» романындағы айтылар тағы бір үлкен жайт — ұлы жұт. Қанай есепшінің келіп, екі заманда бір рет келетін ұлы жұт жайлы айтады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген кер замандағы халықтың тағдыры, сол оқиға қайта қайталана ма деп, Тәттімбет қапаланады. Кіші сұлтанға жұт соның ар жақ-бер жағы екендігін түсіндіреді. Қондыбай Тәттімбетке келіп: «Бүкіл Арқаның малы қырылып жатыр. Қар жауа-жауа екі құрықтың бойынан асып кетіпті. Ол аз болғандай

Бетпақтың киігі бері қарай ауыпты. Бүкіл дала қан сасып жатыр. Адам шығыны жоқ,» — дейді [2; 109]. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» — қазақ халқының тарихындағы ащы қасірет, Отан басына күн туған аса қайғылы кезең (1723–1725). «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» шырғаланы мен аласапыраны қазақтардың еркіндік пен ерлік рухын шыңдады. Ұлт перзенттері бардың басын қосып, халық бірікпей тірлік болмайтынын түсінді [3]. Кейінірек Аягөзге жетпей-ақ жұттың ауыр көріністерін көреді. Әр жерде тау-тау болып үйіліп жатқан, еті ағып шірі бастаған малдың өлексесі. Бар малы шығын болған қара қазақтың кешкен күйі көрініс табады. Қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа хатталды.

Тәттімбет жайлы жазған сөз зергері, стилист Тәкен Әлімқұлов шығармашылығында қазақ күй өнерінің дүлдүлдері – атақты күйшілер туынды туындылар айрықша орын алады. Бұл шығармаларды әр ғасырда әртүрлі тағдыр кешіп, бірақ ұлтына өшпес, өлмес туындыларын қалдырған тарихи тұлғаларымыз жайлы ой толғайтын қаламгер, әсіресе өнерпаздарымыздың кесек тұлғасын көркем бейнелеуде үлкен табыстарға қолжеткізді. Әсіресе жазушыны қазақ күй өнерінің тарихында шертпе күйдің шебері, жалпы қазақ өнерінің сүйріктей сұлу тұлпары Тәттімбет күйшінің тағдыры айрықша қызықтырған. Нәзік, сыршыл сазымен, әсерлі әуенімен жүрек қылын шертіп, адам жанын тербейтін күй тарихы Т.Әлімқұловтың атақты «Сарыжайлау» әңгімесінде Тәттімбет тағдырына құрылған тартымды оқиғалар арнасында ашылады.

Тәттімбет тағдыры, ол өмір сүрген кезең шындығы ел өмірімен, табиғат көріністерімен сабақтаса суреттеледі. Күйшінің сыртқы келбетін, жүріс-тұрысын, күнделікті күйбең тіршілігін баяндаудан басталатын әңгіме желісі тереңдей келе енді. Тәттімбеттің күйшілік өнерінің қыр-сырынан, жеке өмір тағдырынан оқырманын мол хабардар етеді.

Асау жылқыны омыраудан алып ұрып тырп еткізбейтін, ат ойнынан алдына жан салдырмайтын шалымды, тарамыс Тәттімбеттің бұл күнде денесі толығыңқы. Дімкәс көкірек деміксе, шермиген қарын бүлкілдеп, сүйкімсіз көрініспен шошытады. Майлы асқа тәбеті тартпайды. Қысқа жіп күрмеуге келмей, тіршілік түйтегімен ашуланса, басына қаны теуіп, құлағы шуылдап кетеді. Әу дегеннен Тәттімбетпен осылай жүздесеміз.

Тәттімбеттің кешегісі мен бүгінгісін қаламгер тегін салыстырып отырған жоқ. Күйші де ет пен сүйектен жаратылған жұмыр басты пенде. Жер басып жүрген адам, көптің бірі. Автор әңгімені осылай бастайды. Тәттімбеттің дертті шағы тегін айтылмаған. Күйші жүрегінің дауасы, тән мен жанның дерті тереңде жатқанын оқырман әңгіме соңында ғана барып ұғады.

Күйшінің ішкі жан дүниесін қаламгер ұзақтан қайырып, арна-арнамен, сатылап, бірте-бірте ашады. Ашқан сайын Тәттімбет тұлғасы ірілене, биіктей түседі. Күйші тағдырының күнгейі мен көлеңкесі, бақытты шақтары мен өкінішті кезеңдері көз алдымыздан өтеді.

«Тәттімбет сері» романындағы оқиғаның өрісі, бір жылы қыркүйек айының басында Құнанбай Қарқаралы округіндегі бірнеше ірі байды үйіне шақыртады. «Келісіп пішкен тон келте болмас» деп, сауданың ретін айтады. Көпес Варнава Ботовты шақыртып, сауда жайын әңгімелесіп, жәрмеңке ұйымдастыратын болып, ол жәрмеңке Қоянды жерінде өтетіндігі мақұлданып, қыс бойы жәрмеңке туралы жұртқа хабар тарататын болып аяқталады.

Романда ойға түйетін дүние өте көп. Қазақтың қандай жағдай болмасын, жұмған жұдырықтай бірігіп, талай дүниеге төтеп бергендігі. Адамдардың арасындағы бір-біріне деген сенім, сол кездегі әділеттіліктің, тәртіптің қатандығы. Тәттімбет Қазанғапұлының ел ішіндегі түйткілдерді астары терең сөздерімен шешуі. Бұл дүниенің ат ауыстырып мініп шапқан бәйге сияқты екендігін түйеді. Ішкі жан дүниесінің сыршылдығы, күйшілік өнердің нағыз майталманы екендігі, жүректің иіріміндей пернелерді ішкі жан дүниесімен орындап, көпшіліктің көңілінен шығуы. Жазушы Таласбек Әсемқұлов осы роман арқылы, біздің тарихымыз, біздің санамыз, біздің рухымыздың өлмеуін, Тәттімбеттей күйшіміздің барын, қазақ халқының жай-күйін барлығын келістіре келіп, осындай туындыны жарыққа әкелді. Романды оқып отырған сәтте, аталмыш күйлерді тыңдап отырғандай күйге бөленесің. Тарихи оқиғалардың ішіне кіріп, әр күйдің шығу тарихының ерекше екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетеді. Бұл жазушының еңбегі. Оқырман үшін шынайы, әдемі суреттелуінде. Оқырманды қызықтырып, артында бір түйінді, қорытындыны шығаруға деген көзқарастың қалыптасуына үлкен жол ашып беріп, Тәттімбет Қазанғапұлын тағы бір мәрте жақынырақ тануға мүмкіндік туғызады.

Сары төсін сан ғасыр арманға бөлеп мекендеген қалың елдің тыныс-тірлігін суреттеген тұстарда қаламгер құлашын кеңге сермейді. Тәттімбеттің бір кезеңдегі қайратты, қызығы мен қызуы мол өмір асуы артта қалса да, күйші өнерге деген құштарынан жаңылмайды. Жер, су, тау, көл,

орман, тоғай көрінісі тұтаса келе керіліп жатқан кербез даланың бар сұлулығы мен сәулетін көз алдымызға алып келеді. Авторлық баяндау әдісін, лирикалық шегіністерді, кейіпкердің «сана ағымын» қаламгер сәтімен, ұтымды пайдаланған. Осының барлығы тұтаса келіп, Тәттімбеттің күллі күйшілік бітім-болмысын іштен ашады. Жалпылама ашпайды, бейнелі, тартымды көрсетеді.

Жылдың төрт мезгілін табиғи бояуымен дәл тауып, өрнектегенде қарапайым қазақ даласы көз тартып, қазақ сахарасы қалай құлпыратынын көреміз. Бірақ үзіндіге көз тоқтатайық: «Жер көктемде, ел жазда түлейді. Кәрі мен жасты теңестірген жомарт жазға не жетсін! Сары жаздың сәніндей Сарыжайлауда қымызға мас болып асыр салған бозбастардың ішінде Тәттімбет те өмір сүрді. Етегі бүрмелі ақ көйлек, белі қынамалы көк масаты, қызыл масаты бешпент киген қыздар, қара мақпал камзолды келіншектер айт күндері дүркірей қыдырғанда, мамырдың қырмызы гүліндей құлпырып, қызыл-жасылданып, бал-бұл жанып тұратын сиқыр шақ Тәттімбеттің көз алдында!». Қаймағы бұзылмаған дәстүрдің, дала қызығының дүрілдеп тұрған шағындағы ел өмірінің суретін қаламгер кейінгі беттерде де сан қайталайды.

Қайталанған сайын өтіп кеткен өмір қызығы жаңа бір қырынан, бұрын айтылмаған тың қырынан көз тарта береді. Тәттімбет үшін қазақ даласының өтіп кеткен қызығының өзі аса қымбат, аса қадірлі. Енді осындай сұлу далада тәтті, бейбіт, мамыражай өмірмен қатар қатыгез, қаралы оқиғалардың да қатар жарысы орын тепкенін қаламгер айтып өтеді. Халық тағдырындағы тарихи белестер, ұлттық дамуымыздағы қиын-қыстау кезеңдер, барлығы ақын тағдырымен сабақтасып жатады.

Соғыс, қырғын, қантөгіс, шетел шапқыншыларының қылышының астында қан қақсаған халық, азып-тозған, арып-ашқан ел, туған жердің бір сүйем топырағы үшін жан қиған қазақ батырларының тарихы да Тәттімбет ойы арқылы беріледі. Енді осының барлығы күйшіге әсер етеді. Толғандырады. Жан дүниесін қозғайды, тебірентеді. Жүректің түбінен бастау алған осы көңіл толқындары, енді киелі домбырадан күй болып төгіледі. Осы суреттерде оның аңғарылып отыратын ұлттық болмыс-бітімі, жан-дүниесі, арман-аңсары барлығы жиылып келгенде Тәттімбет күйшінің образын даралап, ірілендіріп көрсетеді.

Тәттімбеттің атақты «Қосбасар», «Сылқылдақ», «Сарыжайлау», «Былқылдақ» күйлерінің әрқайсысының өз тарихы бар. Өз тағдыры бар. Осы тарих пен тағдырға қаламгер терең бойлайды.

«Талай жиында топ жарып көзге түскен, жуандарды жырман қағытқан, қарапайым халықты күймен сусындатқан» Тәттімбеттің досы да, дұшпаны да көп. Тәуелсіз дәулеті бар әкенін арқасында Тәттімбет еркін, бой бағып, бұлаңдап өседі. Тік те шалқақ денесіне қонымды сәнді киім киініп «кербез бала» да атанады.

Тарихқа бай, ән мен жырдың құтты мекені болған, құнарлы өлке Қарқаралы төсінде өнер қуып, ой бағып, тұтастарынан ерте есейген Тәттімбет әр елді аралап, жер сұлуын көп көреді. Ертеден ел аузында аңыз болған Көкшетау, Баянауылдарды, жер жанның Жетісуды көзбен көріп, көңілге тоқыған сәттер күйші көңілінде жатталып қалады.

Орынбор, Мәскеу, Петербург сияқты үлкен қалаларға сапар шеккенде жол-жөнекей сыңсыған орманға, жайқалған шалғынға сүйсінеді. Таныс емес елдің, бұрын көрмеген жаңа жердің табиғаты өз сұлулығымен күйші жүрегіне от тастайды. Бірақ осының барлығы жиылып келгенде туған жердің табиғатына, ғажап суретіне теңдесер дүние емес екендігіне күйші жүрегі сенеді. Осы тұста қаламгер: «Тәттімбет алақанның астына қарап, жосалы жаққа көз тастады. Ақыраптың ақырамаш шуағы ойпаңда сағымданып алдамшы көлге айналып, көз ұшын бұлдыратып жіберді. Сары аурудың сандырағындай соңғы сағым толқынданып, күйшіге шәйі орамал бұлғады. Тәттімбет: «Қазақтың жанның жайлау екен ғой. Бұрын неғып байқамадым?!» — деп таңырқады.

... Құбыладағы қаз бауыр қоңыр бұлттар қоюланып, біріне-бірі міңгесіп, түсін суыта бастапты. «Өкінішті өмір осы! Ендігі тіршілігім мынау миқы-сиқы көлеңкеге, анау сұрланған бұлтқа ұқсас. Қой, дүниеден көшпей тұрғанда Сарыжайлау туралы күй шығарайын. Қазақтың ертегі-аңызын әуенге қосқанша өзі басымның кешкенін сыр ғып шертейін», — деген, жолдау арқылы кең толғап, тереңнен тартып Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйіне келу жолын, осы жолдағы ішкі тебіреніс, күйшінің көңіл ауанын айна қатесіз жеткізді. «Сарыжайлау» күйінің өмірге келу тарихы осылай бастау алады.

Осындай жанның енді өнердегі жолы да бұралаң, бұлттарысы қалың. Бұралаң болатын себебі қоғам қатыгез, ортасы опасыз болды. Тәттімбетке опық жегізіп, бармағын шайнатқан кезеңдер шығармада кең қамтылады. Осының барлығын жазушы нақты оқиғаларды көлденең тарта отырып, соларды терең бейнелей отырып жеткізеді. Әсіресе Сарыжайлау сияқты жер жанның айырылған

Тәттімбет ауылының іштегі шер болып қатқан азасы, жуан, өктемшіл төре әулетіне кеткен есесі күйші ойымен, күйші толғанысымен тартымды өрнектеледі.

Жуан ауылдың, төре тұқымының тізесі момын елге батқанда осыдан теперіш көріп, жаны күйзелген алдымен күйші Тәттімбет болды. Себебі ол ел еркесі еді. Тұтас бір ағайынды ауылдың бас көтерер серкесі, сойыл соғар жалғыз жанашыры еді. Бірақ қиянатшыл орта оған қарамады, мойын бұрғызбады. Осылай, бастаушысы дуанбасы Құсбек болып, ақсүйектік намыс үшін кіжінген төренің иықтылары бірте-бірте Тәттімбеттің жеке басына жарамсып, күйші жүрегіне жара салады. Ымырасыз жауыққан қиянатшыл орта осынысымен де тоқтамай, енді Тәттімбетті істі етуге дейін барады. Шабындығына таласып, малын тонайды.

«Сарыжайлау» күйінде ең алдымен Тәттімбет осы әлеуметтік әділетсіздік, қоғамдық теңсіздік, адамдар арасындағы тартыс шындығын арқау етеді. Есесі кеткен ел, көпе-көрнеу қиянаттан қанаты қайырылған өнерпаз тағдырын күй сарыны, күй мақамы айна қатесіз жеткізеді. Күйші азабы осымен аяқталмайды. Алдында Сарықызға ғашық болған күйші арманы Тәттімбетке күйік болып бір жабысқан. Төреден қараға қыз беруге тыйым салатын керітартпа ата салты, азат ойға құрсау болған қараңғылық күйшінің жолын кесті. Бақытсыз етті. Көз алдында көңіл түкпіріне қонған тәтті арман қас-қағым сәтте сағымға айналды. Сүйгеніне қосыла алмаған Сарықыз да құсалықтан көз жұмды. Бұл да Тәттімбет жүрегіне жара салған бір кезең.

Өмірдің қия белінде осылайша күйші тағдыры сан қайтара сынға түседі. Бір тұста Тәттімбет былайшы толғанады: «Тәттімбеттің көз алдынан бүкіл өмірі шұбырып өтті. Жиырма жасында «Сылқылдақты» сылқылдатып, ақбоз жорғасына би билетіп, жандаралдан мақтау қағаз алғанда, одан бері азуы алты қарыс аға сұлтан Құнанбайды басынып, әкесінің асына тасырлатып нөкермен барғанда, Қарқаралы, Семейде талай азаматты тордан құтқарғанда, жазықсыз жапа көрген жетім-жесірге болысқанда, ел ішінде қара қылды қақ жарар қазы атанғанда, күндердің күнінде кемшілікті ат төбеліндей төреден көрермін, самалды Сарыжайлаудан қуылам деп, жорыған ба еді?».

Сарыжайлау тақырыбы — әңгіме ішінде сөз болатын барлық оқиғалардың түп қазығы. Күйші осындай жерорта жасына келгенде өзін терең тебіреніске түсірген, күндіз-түні ой-санасынан бір сәтке де кетпей қойған толғақты күйін аса бір терең шабытпен дүниеге әкеледі. Домбыраның қос ішегінен төгілген күй Тәттімбеттің көз алдына Сарыжайлау атты құтты мекеннің көрінісін бар бояуымен қайта тірілтеді. Құтты мекеннің аясында армансыз өткен қызық шақ, бозбалалық, жігіттік кезең күйші жадында қайта жаңғырады.

Күй ырғағына ерекше екпін дарытып, сазды әуеннің ішіне бітімі бөлек, болмысы асыл мазмұн сыйғыза алған күйші дарынына, күйші талантына қаламгер кең тоқталады. Аса күрделі, теңіз тынысындай толқын-толқын құйылып келіп отыратын күй тарауларының әрқайсысының домбыра шегіне түсуінің өзін жазушы аса бір нәзік, оралымды тілмен оқырманына жеткізген. Күй сырын, күйші тағдырын терең түсінген автор «Сарыжайлау» күйінің тағылымды тарихын осылайша таратып, өте тартымды суреттейді.

Күй туар сәттегі күйші сезіміне, ішкі жан дүниесіне жазушы терең бойлайды. Жайшылықта әлденеше күнді ұтатын сыршыл, күрделі күй осылайша бір кеште дүниеге келеді. Күні бойғы сейіл, сүйсініс, күйініш, тартыс, үміт, наз, нала домбыра тілінің түйіскішіл шежіресіне айналады. Тәттімбет күй шежіресін аяқтай алмай қатты күйзеледі. Күздің ұзақ түнін дөңбекшумен өткізеді. Баяғыдан бері шығарған күйлерін місе тұтпай осы күйге, «Сарыжайлауға» ынтығады. Бұған дейінгі көңіліне тоқ санап, өзіне жұбаныш етіп жүрген «төреге, тотайға, жорғаға арнаған күйлері – баянсыз дүниедей» көрінеді. Осыған дейінгі төккен күйлерінің бір төбе, ал мына жаратылысы дара, болмысы бөлек «Сарыжайлауы» бір төбе болатынына көзі жетпесе де, көңілі сенеді. Күй толғағының осылай ұзақ, созымды, титығына жеткен өнер дүниесі болғандығына Тәттімбет іштен сүйсінеді.

Бірақ күйшінің айызы әлі қанар емес. «Жайлаудың кеңдігімен, жаздың ұзақтығымен салыстырғандай күй әлі де келте жатыр. Тәттімбет: «Негізгі тарауды қайталар алдында тыңнан қысқа бір тармақ қосу жөн екен», — деген байламға келді.

... Екі шек егіз лебіз қосты. Жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстар жымдасып, дүрліге құлдилағанда, көкей қажар кербез оралым пайда болды. Қанша тыңдасаң, құлақ құрышың қанбайтын, қанша қауышсаң, мауқың басылмайтын оралым еді. Шерліге шаттық, шадыманға мұң бітіретін назды да налалы тармақты пысықтағанда, күйші: «Кейінгілер нәшін келтіре алар ма екен!», — деп күдіктенеді. Әңгіме соңын осылай аяқталғанда жазушы күйшінің ішінде айтылмай қалған арман-мұң барын аңғартады.

Әлеуметтік әділетсіздік, қиянат жайлаған қоғамдық орта, заман теперіші, барлығы күй астарында жатқанын қаламгер терең тебіреніспен жеткізеді. Тәттімбеттің келер ұрпаққа аманаттаған асыл, ардақты сәлеміндей сезілетін бір күйдің тарихы осылай сан-сала заман суретін тұтастай көз алдына әкеледі. Әңгіменің өте тартымды, әсерлі оқырманын бірден баурап алатын сыры да осында жатыр.

«Сарыжайлау» әңгімесіндегі *Сарыжайлау* сөзі алдымен жер атауын білдіреді. Әңгімеде осы жердің, яғни қазақтың кең мағынадағы сары жайлауының, оның көз тоятын көрінісінің, туған табиғат сұлулығының күйші домбырасына қалайша күй болып құйылғаны шығармашылық процесс деңгейінде суреттеледі. «Тәттімбеттің көзіне тағы да Сарыжайлау елестеді. Қанша жұтсаң да, тойғызбайтын қоңыр самал, шалғайда ойнаған көк сағым, сылқылдаған бұлақ, сыбдырлаған құрақ, тәжікелескен жігіт-желең мен қыз-келіншек жүйрік көңілде сиқырлы суреттер туғызады. Тәттімбет «Дариға» деп тұншыға күрсінді», — деп суреттейді күйшінің осы тұстағы сәтін. Осындағы қоңыр самал, көк сағым, сылқылдаған бұлақ, сыбдырлаған құрақ, тәжікелескен жігіт-желең мен қыз-келіншек — бәрі күйшінің өзі ойша тапқан, қиялмен ғана көрген өмір құбылыстары емес, оның өткен өмірінің қызықты, қуаныш-шаттығына негіз, бесік болған, куә болған шындықшыл жайлар.

Ендігі тұста сол қоңыр самал, көк сағым, сылқылдаған бұлақ, сыбдырлаған құрақ сол қалпында көз алдынан, көңіл көзінен өткенде, оның осы сурет, осы көріністермен бірге, солардың аясында тапқан қуаныш-шаттығы, бақытты күйі еміс-еміс елес беріп, қайта ғайып болады. Күйші көңілін күрсінтіп, терең толғанысқа салатын — осындай жайлар.

Жалпы, Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйінің өмірге келуіне себеп болған оқиғалар да бізге жеткен жоқ. Алайда ел арасында, қариялар жадында жатталып қалған әңгімелер ізі болуы ықтимал. Бұл туралы тасқа басылған жазба деректер жоқ. Күйдің сазына байланысты аса дарынды сазгер, зерттеуші А.Жұбанов төмендегідей болжам айтады: «Күйде жаратылыстың не бір әдемі суретін бейнелеу бар. Сонымен қатар сол әсем суретті көріп, үлкен эстетикалық рахат тауып тұрған адамның жан қылының үні бардай. Мүмкін, бұл сурет кәдімгі өзіміз білетін жайлау болар деген де ойға келесің. Сылдырап ағып жатқан бұлақ, асыр салып, асық ойнап жүрген балалар, қосылып әндеткен қыздардың да үні бар. Күйде кешкі ауылдың баяу үнде берілген симфониясы, күндізгі күннің сәулесімен, енді, міне, адамның мұрнын жарғандай келіп тұрған көкорай шөптің иісі барда»...» [4].

Қазақ прозасындағы әдеби шығарманың сюжеттік желісінің күйге, сазға негізделуін қазақ әдебиетінде Тәкен Әлімқұловтың шығармашылық ізденістері қалыптастырды. Күй сазынан, үн жүйесінен мән мағына табу, оған нақты мазмұн дарыту немес оны белгілі мазмұнмен нақтыландыру, сөйтіп әдеби шығарманың оқиғалық желісіне, адам образын жасаудың, кейіпкер характерін жасаудың басты құралына айналдыру – Тәкен Әлімқұловтың жазушылық даралығын белгілейтін көркемдік фактордың бастысы. Ал осы прозада Т.Әлімқұлов бұл дәстүрді жалғастырып, оған жаңа бағыт, жаңа арна берді, өзіне дейін қалыптасқан көркемдік үрдісті өзінше, жаңаша жалғастыра отырып, қазақ прозасын, әсіресе әңгіме жанрын тақырып, идея, образ жасау және стильдік тұрғыда жаңа көркемдік жетістіктермен байытты.

«Сарыжайлау» әңгімесін жазудан бұрын Тәттімбеттің көзі тірі немересі Шайхы деген қариямен хат жазысқанмын. Сексеннен асқан шалдың бір дәптер жазбасы – деректің куәлігіне барабар еді. Әңгіме жазарда менің «Сарыжайлау» күйін үйренуіме тура келді. Оны күйсандықта Ахмет Жұбановтан, домбыраны Баймұқан Токтаровтан үйрендім. Неге? Меніңше, «күй әсем», «күй ғажап» деген тәрізді эпитет – мазмұнсыз желсөз! Мен күйдің ырғағын, суретін бейнелеуді ұнатамын», — дейді жазушы.

Жазушы өз әңгімесінің жазылу тарихы туралы құнды ойларын, қымбат суреткерлік сырларын айтып отыр. Тәттімбеттің немересі Шайхы қарттың бір дәптер жазбасында жазушының өмір шындығынан өнер шындығын жасау процесіндегі толып жатқан шеберлік қырларын ашуға септігін тигізетін деректер жатуы анық.

Қаламгер ол дәптердің мазмұны жайында ашып айтпайды. Қаламгердің суреткерлік даралығын аша түсуге қажетті деректер табылар ме деген оймен біз сол дәптерді көп іздедік. Өкінішке орай, жазба дәптерді қолымызға түсіре алмадық. Дегенмен, жазушының осы айтқан аз мәліметінің өзі нақты суреткерлік тұрғысынан шығармашылық тәжірибесімен сабақтастыра отырып, едәуір анық тануға жол ашады [5; 89].

Түйіндей айтқанда, Таласбек Әсемқұлов пен Тәкен Әлімқұловтың жазылған шығармаларының желісі осындай. Т.Әлімқұловтың аталған көлемді әңгімесін бір күйдің тарихын суреттеу арқылы

Тәттімбеттей дәулеткер күйшінің тұтас тағдырын, өнерпаздық дарынын төгілтіп, тартымды жеткізген қымбат дүниесі деп қабылдауымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әсемқұлов Т. Тәттімбет сері / Т.Әсемқұлов // Жұлдыз. — 2012. — № 4. — 35–74-б.
- 2 Әсемқұлов Т. Тәттімбет сері / Т.Әсемқұлов // Жұлдыз. — 2012. — № 5. — 80–124-б.
- 3 Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / А.Абдулин ред. — Алматы: Атамұра, 2006. — 399 б.
- 4 Жұбанов А. Ғасырлар пернесі / А.Жұбанов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — 203 б.
- 5 Әбдезұлы Қ. Таным көкжиегі / Қ. Әбдезұлы. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2007. — 270 б.

К.А. Толеубаева, И.С. Насипов

Образ Таттимбета в художественной литературе

В статье исследован образ Таттимбета на материале романа Таласбека Асемкулова «Таттимбет сери» и рассказа Такена Алимкулова «Сарыжайлау». Авторы выделяют такие темы, как социальная и общественная несправедливость, великий джуг в казахской степи, соперничество между людьми. Отдельное внимание уделяется изучению кюев Таттимбета. Таттимбет в романе изображается не только как кюйши, но и как человек, способствующий объединению казахов. Авторы подчеркивают единство образа Таттимбета в разных произведениях. Знаменитый поэт изображается как личность, имеющая национальное значение, в судьбе которой отразились драматические моменты истории казахского народа.

Ключевые слова: Таттимбет, кюй, кюйши, искусство, писатель, домбра, роман, рассказ, народ, общество, нация, история.

K.A. Toleubaeva, I.S. Nasipov

The image of Tattimbet in fiction

The article is based on Talasbek Asemkulov's novel «Tattimbet Seri» and Taken Alimkulov's story «Saryzhaylau». This scientific article tells about the image of Tattimbet in works of art. First of all, the image of Tattimbet is social injustice, social injustice, the arrival of the great jute in the Kazakh steppe, the struggle between people. Cuys were passed from mouth to mouth. Social injustice, abusive social environment, the complexity of time, everything in the world is characterized by deep trembling in the works of two writers. The story of one kui, characterized by Tattimbet's noble, respected greetings to future generations, is based on the story of his birth. Tattimbet, in the novel, is depicted not only kuishi, but also a unifying person of the two countries. In every century there were great achievements in artistic expression, especially those who are fascinated by our historical personalities, who had different fates but left an unforgettable and national heritage. The works of Talasbek Aisemulov and Taken Alimkulov are presented on the basis of the dear world, which bears in itself the whole fate of Tattimbet, artistic talent and inspiration.

Keywords: Tattimbet, kyuy, kuishi, art, writer, dombra, novel, story, people, society, nation, history.

References

- 1 Asemkulov, T. (2012). Tattimbet seri [Tattimbet]. *Zhuldyz – Star*, 4, 35–74 [in Kazakh].
- 2 Asemkulov, T. (2012). Tattimbet seri [Tattimbet]. *Zhuldyz – Star*, 5, 80–124 [in Kazakh].
- 3 Abdulin, A. (Eds.). (2006). *Karagandy. Karagandy oblysy: Entsiklopediia [Karaganda. Karaganda region: Encyclopedia]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 4 Zhubanov, A. (2002). *Hasyrlar pernesi [Golden mean]*. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].
- 5 Abdezuly, K. (2007). *Tanyim kokzhiehi [Horizons of knowledge]*. Almaty: Kazak Universiteti [in Kazakh].